

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен
оңалту орталықтарының педагог-дефектологтарына арналған
**«Мектеп жасына дейінгі зиятында бұзылыстары бар балаларға
арнайы педагогикалық көмек көрсету»**

**ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....
8. Бағдарламаның нәтижелерін бағалау.....
9. Курстан кейінгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....

1. Жалпы ережелер

1. «Мектеп жасына дейінгі зиятында бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (бұдан әрі – ППТК) мен оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) арнайы педагогтарын (дефектологтарын) оқытуды реттейді.

2. ППТК және ОО-ның арнайы педагогтары (дефектологтары) үшін жеке біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі мынада: біріншіден, осы ұйымдардың арнайы мектепке дейінгі ұйымдардан айырмашылығы түзете-педагогикалық жұмысты топтық емес, жеке-дамыту жұмысын және өзге оқу жоспары бойынша жүзеге асыруда; екіншіден, ППТК мен ОО-да зиятында бұзылысы бар балалардың басым болуымен байланысты. Өңірлік ПМПК-ның 01.01.2023 ж. деректері бойынша арнайы балабақшалар, арнайы топтар, сондай-ақ зиятында бұзылыстары бар балаларға арнайы жағдай жасалған инклюзивті топтарда зиятында бұзылыстары бар 453 бала түзете-дамыту көмегін алды. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарындағы 1624 баланың зиятында бұзылыстары бар. ППТК және ОО-ның арнайы педагогтарын балабақша мамандарына қарағанда зиятында жеңіл және орташа түрде ғана емес, сонымен қатар ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетеді.

Түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының көптеген педагогтары зиятында орташа және ауыр түрдегі бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеу барысында кәсіби қиындықтарға тап болады. Курстардың әзірленген білім беру бағдарламасы арнайы педагогтердің зиятында бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетудегі кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

3. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған түзете-дамыту оқытудың арнайы бағдарламасы аумағында зиятында бұзылыстары бар балаларға көмек көрсету бойынша ППТК және ОО арнайы педагогтарының (дефектологтарының) кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Инклюзивті білім беру	Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы);

	инклюзивті білім беру – кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі (ЮНЕСКО);
Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) адамдар (балалар)	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);
Зиятында бұзылыстары бар балалар	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ақыл-ой бұзылысына сәйкес келетін зиятында бұзылыстары бар балалар.
Ерекше білім беру қажеттіліктері	онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.
Пәнаралық командалық және жеке бағалау	Білім беруде ерекше қажеттіліктері, түзете-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын анықтау және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдау мақсатында баланың дене және психикалық дамуын бағалау.
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды анықтау.
Білім алуға арнайы жағдайлар	онсыз ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық, оқу және өзге де құралдар, тіршілік ету ортасы, психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.
Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы	Зиятында бұзылыстар бар балаларды тиімді түрде оқытуға керек әзірленген психологиялық-педагогикалық технологияның қағидаттар, әдістер мен әдістемелер жүйесі.

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

2. Бағдарламаның тақырыбы

4. «Мектеп жасына дейінгі зиятында бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету» атты біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының ППТК және ОО-ның арнайы педагогтары үшін білім

беру жүйесінде баламасы жоқ. Бағдарламаның жаңалығы ретінде алғаш рет зиятында бұзылыстары бар балаларды түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасының мазмұны баяндалатындығымен байланысты. Бұл бағдарлама алғаш рет әзірленіп отыр және Білім және ғылым министрлігі жаңа үлгідегі арнайы білім беру ұйымдары – Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен Оңалту орталықтарының тәжірибесіне енгізу үшін ұсынған (2021 ж.). Олардың кәсіби қызметін оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету қызметін орындайтын арнайы үлгілік бағдарламаларды пайдаланатын арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандарына қарағанда ППТК және ОО-ның мамандарында 2022 жылға дейін түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламалары болған жоқ, бұл жағдай түзете-педагогикалық жұмыстың сапасына теріс әсер етті.

Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасының артықшылығы оны әзірлеушінің (А.К.Ерсарина) ППТК және ОО үшін зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасының жетекші автор-құрастырушысы болып табылатындығында. Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасында алғаш рет Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері аумағында автор өзінің ғылыми-тәжірибелік жұмысы нәтижесінде әзірлеген зиятында бұзылыстары бар балалармен жеке түзете-дамыту жұмысының технологиясы баяндалады. Бағдарламада әлемдік трендтерге сәйкес зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдері мен инновациялық технологиялары көрініс тапты: жеке-дамыту бағдарламаларын жасау, қызметті орындауды Канадалық бағалау, сенсорлық интеграция әдістері және басқалар үшін Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесін пайдалану.

5. Бағдарламаның тақырыбы 13 тақырыпты зерттеуді қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. ППТК және ОО-ның қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың топтары. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің түрлері. Білім беру ұйымдарында білім алуда ерекше қажеттіліктерді бағалау және зиятында бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.

3-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы зиятында бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

4-тақырып. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және оңалту орталықтарында зиятында бұзылыстары бар балалардың дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау. Пәнаралық командалық бағалауды жүргізу тәртібі мен кезеңдері. Командалық бағалау негізінде жеке-дамыту бағдарламаларын жасау.

5-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған

арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен әдіснамалық негіздері.

6-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Зиятында бұзылыстары бар балалар топтарын анықтау.

7-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

8-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

9-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі. Екінші кезеңде зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

10-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі. Үшінші кезеңде зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

11-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі. Төртінші кезеңде зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

12-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бесінші кезеңі. Бесінші кезеңде зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

13-тақырып. Зиятындағы бұзылыстармен бірге аутистік спектрдегі бұзылыстары, ауыр түрде және көптеген бұзылыстары бар балаларға көмек көрсету.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – мектеп жасына дейінгі зиятында бұзылыстары бар балаларға түзете-дамыту көмегін көрсететін Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының арнайы педагогтарының (дефектологтарының) кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беруде ерекше қажеттіліктерді анықтау және арнайы педагогикалық көмек көрсету жөніндегі кәсіптік қызметті ұйымдастыру кезінде білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдар нормалары мен заңға тәуелді актілері туралы тыңдаушылардың бойында білімді пайдалану шеберлігін қалыптастыру;

2) білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалар топтары және білім беру қажеттіліктерінің түрлерімен таныстыру;

3) ерте және мектепке дейінгі жастағы зиятында бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін ашу;

4) ППТК мен ОО-да зиятында бұзылыстары бар балалардың дамуы және білім беруде ерекше қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тексеру, пәнаралық және жеке бағалау дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды зиятында бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнымен таныстыру;

6) түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде зиятында бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету дағдылары мен ептілігін қалыптастыру;

7) зиятындағы бұзылыстарымен қатар аутистік спектрдегі бұзылыстары, ауыр түрдегі және көптеген бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету дағдыларын дамыту.

8. Оқытудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау және арнайы педагогикалық көмек көрсету жөніндегі өз қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті;

2) ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары мен білім берудегі қажеттіліктердің түрлерін ажыратады;

3) ерте және мектепке дейінгі жастағы зиятында бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін біледі;

4) зиятында бұзылыстары бар балалардың дамуы мен қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тексеру, пәнаралық және жеке бағалау дағдыларын меңгереді, жеке-дамыту бағдарламаларын жасай алады;

5) зиятында бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнын біледі;

6) зиятында бұзылыстары бар балаларды түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде арнайы педагогикалық жұмыстың кәсіби дағдыларын меңгереді;

7) зиятындағы бұзылыстарымен қатар аутистік спектрдегі бұзылыстары, ауыр түрде және көптеген бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсетуге қабілетті.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ,

кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; және басқа отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің) бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнаулы ұйымдар, психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту орталықтары кабинеттері қызметінің үлгілік қағидалары (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (2020 жылғы 27 мамырдағы № 223); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4), Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Зиятында бұзылыстар бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 5-қосымша (2016 жылғы 12 тамыздағы № 499); Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасы (ҚР БҒМ 2022 жылғы 10 наурыздағы № 18-3/55-И хаты).

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар топтарының сипаттамасы. Бірінші топ: даму мүмкіндіктері шектеулі балалар: есту, көру, зияты, сөйлеу тілі, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары, психикалық дамуында тежелістері бар, эмоционалды-ерік бұзылыстары және күрделі бұзылыстары бар; жеке психикалық қызметтердің бұзылыстарына байланысты оқуда қиындықтары бар балалар; мінез-құлығында және эмоционалды мәселелері бар (аса белсенділік пен зейін тапшылығы, аутистік спектрдегі бұзылыстары бар) балалар. Ерекше білім беру қажеттіліктері қолайсыз – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени факторларға байланысты пайда болатын балалардың екінші тобы: халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалғандық бар; жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған (босқындар, мигранттар, қандастар); мүгедектігі бар балалар.

3-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы зиятында бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сенсорлық, моторлық, ақыл-ой, сөйлеу тілі және әлеуметтік-коммуникативті даму ерекшеліктері. Пәндік және ойын әрекеттері,

танымдық және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру ерекшелігі.

12. Мазмұндық модуль:

4-тақырып. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және оңалту орталықтарында зиятында бұзылыстары бар балалардың дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау. Командалық бағалауды жүргізуге көрсетілімдер. Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі, бағалаудың басқа әдістерін қолдану: қызметті орындаудың Канадалық бағалауы, «Сенсорлық профиль» сауалнамасы, қимыл-қозғалыс дағдыларын бағалау, баланы тексеру картасы.

Пәнаралық командалық бағалауды жүргізудің тәртібі мен кезеңдері: ата-аналармен алғашқы кездесу (әңгімелесу, сауалнама); түзете-дамыту жұмысы бағдарламасының кезеңдеріне сәйкес даму деңгейін жеке тексеру және анықтау; басқа мамандардың қатысуымен командалық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу; балаға көмек көлемі мен қызмет түрлерін көрсете отырып, пәнаралық бағалаудың қорытындысы мен ұсынымдары.

Пәнаралық командалық бағалау негізінде жеке-дамыту бағдарламасын жасау. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бағдарламаның кезеңдеріне сәйкес жеке-дамыту бағдарламасының бағыттары мен мазмұнын анықтау.

5-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен әдіснамалық негіздері: Л.С.Выготский және басқа ғалымдардың қалыпты және қалыптан тыс психикалық дамудың негізгі заңдылықтарының бірлігі, сензитивті жас, түзету мен дамудың арақатынасы, дамудағы қызметтің маңызы туралы мәдени-тарихи тұжырымдамасының ережелері. Бағдарламаның әдістемелік негіздері: ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы: зиятында бұзылыстары бар (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 5-қосымша), балаларға, оның ішінде Даун синдромы бар балаларға көмек көрсетуде қолданылатын дамыту жұмысының заманауи әдістері; адам психикасы мен қарым-қатынастың деңгейлік құрылымы туралы ережелерге негізделген Дж. Айрис, сондай-ақ Е.В. Максимованың сенсорлық интеграция әдістері мен тәсілдері; мінез-құлық пен коммуникацияның балама құралдарын қолданбалы талдау қағидаттарын қолдануға негізделген тәсілдер.

13. Технологиялық модуль.

6-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Педагогикалық тексеруге қойылатын шарттар, талаптар. Зиятында бұзылыстары бар ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тексеру мазмұны мен тәртібі. Зиятында бұзылыстары бар балалар топтарын анықтау: зиятында ауыр, орташа және жеңіл бұзылыстары бар балалар. Түзете-дамыту жұмысының кезеңін анықтау: бастапқы, бірінші-бесінші.

7-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Бастапқы кезеңде төмендегілерге бағытталған зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: негізгі сезінулер (вестибулярлық, проприоцептивтік, тактильдік) игеру және олардың әсеріне бейімделу реакциясын ынталандыру; дене және психикалық тонус, жалпы белсенділік және сенсомоторлық белсенділікке қызығушылықты (уәжді) арттыру; эмоционалды-ойын байланысының әртүрлі формалары, баламен өзара әрекет ету тәсілдерін дамыту, қарапайым мақсатты әрекеттерді қалыптастыру және ересек адамның әрекеттеріне еліктеуді ынталандыру; өзін-өзі реттеуді дамыту: ересек адамның көрсеткеніне назар аудару, оның өтініштерін қабылдау және орындау қабілеті.

8-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Бірінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: коммуникативтік, сенсомоторлық, танымдық, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, балалардың әрекеттерінің жетекші және басқа түрлерін дамыту, әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеу.

9-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі. Екінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: коммуникативтік, сенсомоторлық, танымдық, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру, балалардың әрекеттерінің жетекші және басқа түрлерін дамыту, әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеу.

10-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі. Үшінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: коммуникативтік, сенсомоторлық, танымдық, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру, балалардың әрекеттерінің жетекші және басқа түрлерін дамыту, әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеу.

11-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы

түзете-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі. Төртінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: коммуникативтік, сенсомоторлық, танымдық, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру, балалардың әрекеттерінің жетекші және басқа түрлерін дамыту, әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеу.

12-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бесінші кезеңі. Бесінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері (білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу). Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: коммуникативтік, сенсомоторлық, танымдық, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру, балалардың әрекеттерінің жетекші және басқа түрлерін дамыту, әрекет пен мінез-құлықты ерікті реттеу.

14. Вариативті модуль.

13-тақырып. Зиятында бұзылыстары бар және аутистік спектрдегі бұзылыстары бар және қозғалыс саласы бұзылған балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

Аутистік спектрдегі бұзылыстары бар балалармен арнайы педагогикалық жұмыстың әдістері мен тәсілдері: еліктеу әдістері, сенсорлық интеграция, мінез-құлықты қолданбалы талдауға негізделген әдістер, баламалы коммуникацияны қалыптастыру әдістері (PEKS).

Тірек-қимыл аппараты, көру, есту қабілеттері бұзылған балаларға көмек көрсету кезінде дамытушы құрал-жабдықтар, көмекші және техникалық құралдар және оқытудың арнайы әдістерін пайдалану.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Бағдарлама бойынша курстық оқу ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн) оқыту форматында жүзеге асырылады.

17. Білім беру процесі оқытудың мынадай интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтардағы тренинг, шеберлік сыныбы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу.

18. ППТК және ОО арнайы педагогтарының бағдарламаның мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: кейіннен талқылау және рефлексиялаумен топтарда жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс; кейіннен ұжымдық жұмыстарды таныстырумен шағын топтарда теория мен кейс-стадидің негізгі мәселелерін талқылау, педагогтардың топтық жұмысын оқыту қарастырылған,

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) тексеру нәтижелерін талдау және пәнаралық командалық бағалауға арналған үлестірімелі материалдар. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы негізінде жеке-дамыту бағдарламасын жасау процесін көрсететін үлестірімелі материалдар;
- 3) ППТК және ОО арнайы педагогінің қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмысының мазмұнын ашатын құжаттама пакеті: ППТК-да түзету сабақтарының жоспары; психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету аумағында және олардың жұмыс мазмұнын ашатын көмек түрлері: жеке-дамыту бағдарламалары, түзету сабақтарының басталу кезеңінде баланың жағдайы (баланың мінездемесі), түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны: дамыту жұмысының бағыттары; дамыту жұмысының әдістері, әдістемелері, тәсілдері, құралдары;
- 4) түзете-дамыту жұмысының әр кезеңінде зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларының үлгілері;
- 5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары. Бағдарламада өздік жұмыстың мынадай түрлері көзделген: баланың сөйлеу тілі және психикалық даму деңгейі мен ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау (бейнебақылау негізінде), оның түзете-дамыту жұмысының кезеңіне сәйкестігі; жеке-дамыту бағдарламасын жасау; дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдерін анықтау. Қорытынды бақылау аралас форматта өткізіледі: курстың негізгі тақырыптары бойынша жазбаша жауаптармен біріктірілген тест тапсырмалары: зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмысының әр кезеңінің мақсаты, міндеттері және негізгі мазмұны.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың бойында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау, Бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы бақылау жұмысын (өздік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) әзірлейді. Кері байланыс жасау үшін Бағдарламаның әрбір тақырыбы аумағында қорытынды бақылау жұмысы орындалады. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер

енгізіледі, қосымша материал (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, бейне материалдар және т.б.) таңдалады, Бағдарлама мазмұнына қосымша түсіндірулер жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысын орындау мынадай критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалған жоқ (дұрыс жауаптар ұсынылған жоқ), ішінара орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толықтай орындалды (дұрыс жауаптар 70-100% аралығында). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70% жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңестер мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық кеңес беру (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалану арқылы әдістемелік және нормативтік-құқықтық қолдау;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

23. Курстан кейінгі сүйемелдеу үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – ZOOM платформасы негізінде курсанттардың баланың сөйлеу тілі және психикалық дамуының деңгейі мен ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін талдау және талқылау мақсатында әдістемелік семинар және топтық консультация.

Екінші кезең – білім алушыларға арналған жеке-дамыту бағдарламасын жасау нәтижелері бойынша Zoom және WhatsApp платформалары негізінде жалпы вебинар және жеке кеңес беру.

Үшінші кезең – жеке-дамыту бағдарламасы бойынша түзете-дамыта оқыту нәтижелерін топтық талқылау түріндегі рефлексивті есеп және дөңгелек үстел. Зиятында бұзылыстары бар балаларға психологиялық дамыту көмек көрсетудегі кәсіби құзыреттіліктердің дамуын талдау және бағалау.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (7.03.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы.

4. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 ж. № 121 бұйрығының редакциясында).

5. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

6. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

7. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға және ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар мен балабақшалар қызметінің тәртібінің 2-параграфының 2-тарауы; Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің; оңалту орталықтары қызметінің тәртібінің 4,5-тараулары).

8. «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына» 2-қосымша.

9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. 5-қосымша. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

10. Специальная коррекционно-развивающая программа для детей с нарушениями интеллекта/Ерсарина А.К., Юлдабаева Д.Р. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2021.

11. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дошкольная олигофренопедагогика: Жоғары оқу орындарының студ. арн. оқулық – М., 2001.

12. Айрес Э.Дж. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития. – М.: Теревинф, 2009.

13. Батмунх Мунхоо. Индивидуальная программа обучения для детей с нарушениями в развитии//Түзету педагогикасы: теория және практика. – 2020. – №2. – 63-70 б.

14. Мелешкевич О.В., Эрц Ю.М. Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения (АВА). – Бахрах. – М, 2014.

15. Фрост Л., Бонди Э. Система альтернативной коммуникации с помощью карточек (PECS). – М.: Теревинф, 2012.

16. Шоплер Э., Ланзинд М., Ватерс Л. Поддержка аутичных и отстающих в развитии детей (0-6 жас). ТЕАССН бағдарламасы бойынша мамандар мен ата-аналарға арналған жаттығулар жинағы. Ағылш. тілінен ауд. – Минск, 1997.

17. Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі. Қысқаша нұсқа. – Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы, 2001.

18. Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: Әдістемелік ұсынымдар /кұраст. Ерсарина А.К., Айтжанова Р.К., Кенжеева А.К., Юлдабаева Д.Р., Токарева А.Н. – Алматы, 2016 (<http://special-edu.kz/>).

Қосымша әдебиеттер тізімі

19. Баряева Л.Б., Гаврилушкина О.П., Зарин А.П., Соколова Н.Д. Программа воспитания и обучения дошкольников с интеллектуальной недостаточностью – 2016 (<https://a2b2.ru/methods/>).

20. Грозная Н.С., Бистервельдт А.К., Гийон Дж. Т., Фостер-Коэн Комплексный подход к развитию навыков, предшествующих чтению, у детей с синдромом Дауна. Ж. Синдром Дауна. XXI век. – 2010, № 5.

21. Медведева Т.П. Развитие познавательной деятельности детей с синдромом Дауна. Пособие для родителей, 2-е издание. – М., 2010.

22. Жиянова П.Л. Формирование навыков общения и речи у детей с синдромом Дауна. Пособие для родителей. – М.: Благотворительный фонд «Даунсайд Ап», 2010.

23. Августова Р. Говори! Ты это можешь. Как развивать речь ребенка и учить его читать особенно в практически «безнадежных случаях». – Минск, 1998.

24. Медведева Т.П., Панфилова И.А., Поле Е.В. Комплексное развитие детей с синдромом Дауна: групповые и индивидуальные занятия. Метод. пособие. – М.: Благотворительный фонд «Даунсайд Ап», 2004.

25. Питерси, Трилор Р., Кернс С., Ютер Д., Бра Э. Маленькие Ступеньки. Программа ранней педагогической помощи детям с отклонениями в развитии. – М., 1998.

26. Нэнси М., Джонсон-Мартин, Кеннет Г.Дженс, Сюзен М. Аттермиер, Юонни Дж. Хаккер. Программа «Каролина» – СПб. Институт раннего вмешательства, 2005.

27. Баксанский О.Е., Сафоничева О.Г. Персонализация образования и развития детей с ограниченными возможностями здоровья (умственной отсталостью) в возрасте 6-10»/Вопросы обеспечения лекарственных средств. 2016. № 1(11). – С. 57-68.

28. Тихомирова Л.Ф., Макеева Т.В. Профессиональные компетенции специалистов в работе с детьми с умеренной и тяжелой умственной отсталостью в инклюзивной образовательной среде/Инновационные технологии российского и зарубежного образования: коллективная монография. Отв. ред. А.Ю. Нагорнова. – Ульяновск: Зебра, 2018.

29. Программа обучения учащихся с умеренной и тяжелой умственной отсталостью/ Баряева Л.Б., Бойков Д.И., Липакова В.И. и др.; Под. ред. Л.Б. Баряевой, Н.Н. Яковлевой. – СПб.: ЦДК проф. Л.Б. Баряевой, 2011; 2017.

30. Саватеева А.Л., Тишинова Е.А., Тихомирова Л.Ф. Инклюзивное и интегрированное обучение детей с умеренной и тяжелой умственной отсталостью в специальном образовательном учреждении/Ярославский педагогический вестник. – 2017, № 4 – с. 122-125.